

Химияны ағылшын тілінде оқыту барысында дидактикалық құралдардың пайдаланудың әдістемесі

Білім алушылардың сыныпта немесе үйде өз бетінше жұмыс жасау үшін таратылатын немесе көрсететін көрнекі оқу құралдарының ерекше түрі (негізінен карталар, кестелер, мәтіндер, сандар немесе суреттер, реактивтер, өсімдіктер, жануарлар және басқалар). Дидактикалық материал өзінің мазмұны, дизайны және дайындау технологиясы бойынша өте қарапайым болғандықтан, мұғалімнің тапсырмасы бойынша білім алушылардың өздері дайындауы мүмкін. Тапсырмалар мен жаттығулар жиынтығын да дидактикалық материал деп те атауға болады.

Дидактикалық құралдар – бұл оқу процесін жақсартуға, балалардың дамуына арналған барлық материалдар түрлері. Оларға не кіреді? Дидактикалық материалдарға оқытуды сауатты толықтыратын материалдар жатады:

презентация;

білім беру ойындары;

карточкалардың барлық түрлері;

- сызбалар;
- кестелер;
- графиктер,
- контурлық карталар т.б.

Оқу құралдарының қандай түрлері бар? Білім беру мекемелері және мұғалімдер оқу процесіне қажетті көрнекі құралдарды таңдайды. Бұл кезде көрнекілік, балалардың жас ерекшеліктері, даралық дәрежесі ескеріледі. Бұл оқу құралдарына постерлер, кестелер, оқулықтарға қосымшалар, есептер жинақтары кіреді. Мұндай материалдарды үлестірме материалдар деп те атайды. Мұндай көмекші құралдарды мұғалімдер мектепте жиі қолданады.




ДИДАКТИКАЛЫҚ КАРТАЛАР - ақпараттар, тапсырмалар, сұрақтар бөлігі бар нұсқаулықтар, онда негізгі ақпараттар мен көмекші шешімдер бар, оның көмегімен оқушылар жеке, топта немесе бүкіл сыныпта, экскурсияларда немесе практикалық жұмыс кезінде тапсырмаларды орындайды. Дидактикалық карталарды өздігінен қолданыла алады. жұмыс, жаңа материалды ұсыну кезінде, бекіту кезінде қолдануға болады. **Мысалы,**

Сабақ тақырыбы:

«PHYSICAL AND CHEMICAL PROPERTIES OF MATTER»

Тапсырма: Заттың әрбір физикалық қасиетін анықтаңыз және берілген әрбір мысал үшін бос орындарды толтырыңыз.

Activity: Define each physical property of matter and fill in the blanks for each example given.




 <p style="text-align: center;">Solid Liquid Gas</p>		
<p>There are three states of matter. Water in a lake is found in the state, water in your ice cube tray is found in the state, and water in steam is found in the</p>	<p>Glass is not Dry wood is combustible than wet wood fuels, like coal, natural gas, and gasoline, are combustible.</p>	<p>Some substances, like are very reactive with water, and so they have to be stored in a water-free environment. Even the water vapor in the air can cause a reaction so these substances must be stored under</p>

ЖАЛПЫ КЕСТЕ - тұжырымдамаларды нақтылауға және жүйелеуге, материалды жақсы игеруге мүмкіндік береді. Оларды білімді тексеруде, оқу материалын оқып-білуде және бекітуде кеңінен қолдануға болады.

Мысалы, Сабақ тақырыбы: «**Chemical elements**»

Тапсырма: Текст беріледі. Сол текстті оқиды. Алдарына периодтық жүйенің сызбанұсқасы беріледі. Текстті оқып, түсінгендері бойынша периодтық жүйеге сызба сызып, бояп, металдар мен бейметалдарды анықтайды.

Activity. Reads the same text. They are preceded by a diagram of the periodic table. Reads and understands the text, draws, paints, identifies metals and non-metals in the periodic table.

		
---	--	---

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР - бұл арнайы құрылатын ойын, оның барысында білім беру және ойын мақсаттары жүзеге асырылады, ол ережелер шеңберінде және сәйкес сюжетке сәйкес жүзеге асырылады.

Мысалы, Сабақ тақырыбы: «**Chemical elements**»

Тапсырма: Әр топқа қабырғалары алмасып кеткен, біріктірілген «ҮЛКЕН КУБИК» беріледі. Сол үлкен кубиктен бірнеше майда кубик құрастыру керек. Өзінің құрастырған кубигін қарсы топқа жасырып, элементті табу керек.

Activity: Each group is given a "BIG CUBIC" with interlocking walls. You need to make a few small cubes out of that big cube. You need to hide the cube you created in the opposite group and find the element.



atomic number	7	14.007	atomic weight
symbol	N	○	acid-base properties of higher-valence oxides
electron configuration	[He]2s ² 2p ³	⊠	crystal structure
name	nitrogen	physical state at 20 °C (68 °F)